

**Садибеков Асқат Кенесовичтің «Жоғары оқу орындарында көне түрік тілін оқыту әдістемесі» тақырыбындағы 6D011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына**

**ШІКІР**

Көне түрік жазба ескерткіштері тілін оқыту, жазу жүйесін меңгерту мемлекеттік тілдің тарихи тамырының тереңдігін айқындаумен қатар, ұлттық мүддені ескере отырып, жаһандану үдерісіне еркін қадам басатын ұрпақ тәрбиелеумен ұштасатын аса маңызды мәселе. Өткен тарихын білмеген ұрпақтың болашағы бұлыңғыр. Білім алушылардың, соның ішінде ұрпақ тәрбиесімен айналысатын болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының тарих, әдебиет, мәдениет, руханият, салт-дәстүр, этнография және т.б. салалары бойынша білімінің терең болғаны дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» жолдауында айтылған «ұлттық мүдде тұрғысынан ұлттың жадын жаңғырту» үдерісі, ең алдымен жоғары оқу орындарындағы Білім беру бағдарламаларының мазмұнынан көрініс табуы қажет. Осы тұрғыдан докторант А.К.Садибековтің диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті саналады.

Көне түріктердің жазба мұрасын зерттеу түркология ғылымындағы өзіндік тарихы мен дәстүрі қалыптасқан сала болғанымен, ескерткіштер тілін оқыту мен жазу жүйесін меңгертудің ғылыми-әдіснамалық негіздері жеткілікті деңгейде зерттелмей келеді. Бір өкініштісі, қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын кейбір жоғары оқу орындарында «Көне түрік (түркі) тілі» пәні міндетті компонент қатарында емес, тандау пәні ретінде де оқытылмайды. Бұл елімізде түркология саласындағы зерттеу нәтижелерінен толыққанды хабары жоқ, қазақ тілінің түпкі тарихы жайлы білімі өте таяз маман даярлау үдерісінің орын алғанын сипаттайды. Асқат Кенесович Садибековтің ғылыми диссертациясында осы мәселе орынды көтеріліп, көне түрік ескерткіштері тілі мен көне түрік әліпбиін оқыту әдістемесінің тиімділігін арттыру бағытындағы ізденістерін ұсынады.

Докторант өз ғылыми жұмысында бүгінгі заманауи ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін кеңінен пайдалана отырып, студенттерге сабақты мейлінше қызықты өткізіп, тәжірибе барысында алынған оң нәтижелерімен бөліседі. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығының жоғары болғандығын эксперимент нәтижелерімен дәлелдейді. Бұл алынған

нәтижелер пәннің сұранысқа ие екенін, тіпті міндетті пәндер қатарында болғаны дұрыс екенін дәйектет көрсетеді.

Қорыта айтқанда, докторант көне түрік (түркі) жазуының зерттелуін деңгейін саралай отырып, көне түрік тілінің жоғары оқу орындарында дербес пән ретінде оқытылу жайына талдау жасайды. Сондай-ақ, ЖОО-да көне түркі тілін оқытудың тиімді заманауи интербелсенді әдістерін жинақтап, соның ішінде көне түркі таңбаларын оқу мен жазу дағдыларын қалыптастырудың тиімді техникаларын ұсынады.

Садибеков Асқат Кенесовичтің «6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жоғары оқу орындарында көне түрік тілін оқыту әдістемесі» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы ҚР ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, зерттеу мақсатына толық жеткен, аяқталған жұмыс деп санаймын.

Садибеков Асқат Кенесовичтің «Жоғары оқу орындарында көне түрік тілін оқыту әдістемесі» тақырыбына арналған диссертациясын ғылыми-теориялық негіздері мен әдіснамалық тұжырымы анықталған, әдістемелік тәжірибесі білім беру жүйесінде нәтиже беретін жұмыс деп есептей отырып, еңбекті «6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін, Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші:**  
**филология ғылымдарының докторы,**  
**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түркітану**  
**кафедрасының профессоры**

**М.Қ.Ескеева**

